



Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері Мемлекеттік шекара күзеті күштерінің мемлекеттік материалдық резервтен жанар-жағармай материалдарын қарыз алуы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1999 жылғы 17 маусым N 782

Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері Мемлекеттік шекара күзеті күштерінің әскери бөлімдерін жанар-жағармай материалдарымен уақытылы қамтамасыз етудің қажеттігіне байланысты Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы е т е д і :

1. Қазақстан Республикасы Энергетика, индустрия және сауда министрлігінің Мемлекеттік материалдық резервтер жөніндегі комитеті қарыз алу тәртібімен мемлекеттік материалдық резервтен Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің Мемлекеттік шекара күзеті күштеріне 500 тонна автомобиль бензинін, 500 тонна д и з е л ь д і к о т ы н б о с а т с ы н .

2. Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің Мемлекеттік шекара күзеті күштері 1999 жылдың 15 қыркүйегіне дейін мерзімде жанар-жағармай материалдарының көрсетілген көлемдерін мемлекеттік материалдық резервке қайтаруды қамтамасыз етсін .

3. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі белгіленген

тәртіппен мемлекеттік материалдық резервке кейін қайтару мақсатында жанар-жағармай материалдарын сатып алу үшін Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің Мемлекеттік шекара күзеті күштерін қаржыландыруды қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Оқығандар:
Омарбекова А.
Нарбаев Е.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК